ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

# THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**2** (414)

MARCH – APRIL 2025

ALMATY, NAS RK

**БАС РЕДАКТОР:**
**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры, Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199, https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124.
**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**
**СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Астана, Қазақстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348, https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302.
**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**
**РИШЕЛЬ Мариновски,** білім беру саласындағы PhD, Летбридж университеті педагогика факультетінің профессоры, (Альберта, Канада), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800, https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920.
**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К.Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің кәсіби білім беру педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233,https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966.
**ӘБІЛДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400, https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549.
**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар мен мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542, https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462.
**БОЛАТБАЕВА Күлжанат Нұрымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Астана, Қазақстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074, https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122.
**ПЕТР Хайек,** PhD, Юникорн университеті, Қаржы департаментінің қауымдастырылған профессоры (Чех Республикасы), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800, https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404.
**ЖҰМАН Жаппар,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА құрметті академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қолданбалы зерттеулер орталығының директоры (Алматы, Қазақстан). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900; https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400, https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874.
**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилянская академия» ұлттық университеті кафедрасының меңгерушісі (Киев, Украина), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551, https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510.
**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500, https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098.

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген **№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *«іргелі ғылым салалары бойынша жаңа жетістіктердің нәтижелерін жариялау»*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/
© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2025

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна,** доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования, заведующая кафедрой методики преподавания математики, физики и информатики КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199, https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124.

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348, https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302.

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**РИШЕЛЬ Мариновски,** PhD в области образования, профессор факультета педагогики Летбриджского университета, (Альберта, Канада), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800, https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920.

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233, https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966.

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400, https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549.

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542, https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462.

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Астана, Казахстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074, https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122.

**ПЕТР Хайек,** PhD, университет Юникорн, ассоциированный профессор Департамента финансов, (Чешская Республика), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800, https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404.

**ЖУМАН Жаппар,** доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель Казахстана, почетный академик НАН РК, директор Центра Международных прикладных исследований Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900; https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400, https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874.

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551,https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510.

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500, https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098.

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *«публикация результатов новых достижений вобласти фундаментальных наук».*

Периодичность: 6 раз в год.

http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2025

**EDITOR-IN-CHIEF:**
**ABYLKASSIMOVA Alma Yesimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Center for the Development of Pedagogical Education, Head of the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Computer Science at Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199, https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124.

**DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:**
**SEMBIEVA Lyazzat Myktybekovna,** Doctor of Economics, Professor of the Eurasian National University (Astana, Kazakhstan), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348, https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302.

**EDITORIAL BOARD:**
**RICHELLE Marynowski,** PhD in Education, Professor, Faculty of Education, University of Lethbridge, ( Alberta, Canada), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800, https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920.
**SHISHOV Sergey Evgenievich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education, Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233, https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966.
**ABILDINA Saltanat Kuatovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400,https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549.
**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-Chief of the journal "Standards and Monitoring in Education" (Moscow, Russia), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542, https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462.
**BULATBAEVA Kulzhanat Nurymzhanovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074,https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122.
**PETR Hájek,** PhD, Unicorn University, Associate Professor, Department of Finance, ( Czech Republic), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800,https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404.
**JUMAN Jappar,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Academician of NAS RK, Honored Worker of Kazakhstan, Director of the Center for International Applied Research Al-Farabi Kazakh National University (Almaty,Kazakhstan) https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900; https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400,https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874.
**LUKYANENKO Irina Grigorievna,** Doctor of Economics, Professor, Head of Department of the National University of Kyiv-Mohyla Academy (Kyiv, Ukraine), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551, https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510.
**YESIMZHANOVA Saira Rafihevna,** Doctor of Economics, Professor of the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500, https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098.

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).
The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *«publication of the results of new achievements inthe field of fundamental sciences»*
Periodicity: 6 times a year.
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2025

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2. Number 414 (2025), 188–207

***https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.921***

МРНТИ: 03.09.25
УДК: 930(=512.1)

**M. Kozha[1], T. Apendiyev[2,3], E. Satov[1*], 2025.**
[1] Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Kazakhstan;
[2]Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan;
[3]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: west-side_90@mail.ru

## USING TURKIC-MUSLIM SOURCES IN EDUCATIONAL PROGRAMS

**Mukhtar Kohza** – Doctor of Historical Sciences, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: mukhtar_kozha@mail.ru, ORCID: 0001-9619-7968;
**T. Apendiyev** – PhD (History), Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology; Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: timur.apendiev@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4279-3921;
**Satov Ergaly** – Doctoral Student at Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: west-side_90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2443-5880.

**Abstract.** This article contains information about the history of the Middle Ages of Kazakhstan, taught in the 6th grade of secondary school, as well as Turkic, Arabic and Persian sources that allow students to better understand the history of our country. These sources occupy an important place in the curriculum. Because this data forms the historical perspective of students and develops their cognitive abilities. When choosing historical sources, it is required that they are substantiated, related to the program material and understandable to students. Such materials contribute to the formation of students' creative abilities, views on historical figures and events. At the secondary school level, the correct selection of historical data increases interest in scientific research and develops thinking skills. In the process of experimental work, the criteria for selecting historical sources are determined, ensuring the motivation and implementation of activities on historical education. In addition to the didactic and methodological dimension of the selection of historical sources, cognitive and historical dimensions are also determined. To meet the didactic and methodological criteria, verified historical sources are needed that are closely related to the program material on a historical fact and contribute to the development of basic knowledge and skills. It should be accessible to schoolchildren in the adapted content and volume that will cultivate imagination and emotionality, which will awaken the student's cognitive

interest in studying the historical past and meet the requirements for the formation of cognitive skills.

Currently, textbooks or additional materials for higher and secondary schools are often focused on the presentation of materials from the times of the Kazakh Khanate. However, there is no data in Turkic or other Muslim Arabic or Persian languages concerning the history of states and societies created by the descendants of Genghis and the Golden Horde, as well as the states of the Oghuz, Karakhan, Kipchaks in the Turkic period. One of the main conclusions proposed in the article is associated with the maximum possible implementation of materials related to the history of these states, and the development of documentary materials about these states by teachers and students.

**Keywords:** sources, educational system, educational program, Middle Ages, Turkic-Muslim sources.

**М. Қожа[1], Т. Әпендиев[2,3], Е. Сатов[1]*, 2025.**
[1] Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан;
[2] Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан; [3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: west-side_90@mail.ru

## ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ДЕРЕКТЕРІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

**М. Қожа** – т.ғ.д, Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан, E-mail: mukhtar_kozha@mail.ru, ORCID: 0001-9619-7968;
**Т. Әпендиев** – PhD (тарих), Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: timur.apendiev@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4279-3921;
**Е. Сатов** – PhD докторант, Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан, E-mail: west-side_90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2443-5880.

**Аннотация**. Бұл мақала Қазақстанның орта ғасырлар тарихы орта мектептің 6-сыныбында оқытылып, оқушыларға еліміздің тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін түркі, араб және парсы деректері туралы мәліметтерді қамтиды. Бұл деректер оқу бағдарламасында маңызды орын алады. Өйткені аталмыш деректер оқушылардың тарихи көзқарасын қалыптастырып, танымдық қабілеттерін дамытады. Тарихи дереккөздерді таңдау кезінде олардың дәлелді, бағдарламалық материалмен байланысқан және оқушыларға түсінікті болуы талап етіледі. Мұндай материалдар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға қатысты, көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Орта мектеп деңгейінде тарихи деректердің дұрыс таңдалуы олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін дамытады.

Эксперименттік жұмыс процесінде тарихты оқытуда іс-әрекеттің уәждемесі мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін тарихи деректерді іріктеу өлшемдері анықталған. Тарихи дереккөздерді іріктеудің дидактикалық-әдістемелік өлшемдерімен қатар, танымдық-тарихи өлшемдер де анықталған. Дидактикалық және әдістемелік критерийлерді қанағаттандыру үшін – дәлелденген тарихи дереккөздер болуы керек, ол тарихи факт туралы бағдарламалық материалмен тығыз байланысты, және негізгі білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мектеп оқушыларына бейімделген мазмұн мен көлем бойынша қолжетімді болу қажет, ол оқушыны тарихи өткенді зерттеуде танымдық қызығушылықты оятуға мүмкіндік беретін қиял мен эмоционалды болуға тәрбиелейді және танымдық дағдыларды қалыптастыру талаптарын қанағаттандырады.

Қазіргі кезде жоғары және орта мектепке арналып отырған хрестоматиялар немесе қосымша материалдарда көбінесе Қазақ хандығы тұсындағы материалдарды көрсетуге назар аударылады. Ал, түркі кезеңіндегі, дәлірек айтқанда Оғыз, Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері мен Алтын Орда және Шыңғыс ұрпақтары құрған мемлекеттер мен қоғамының тарихына қатысты түркі немесе басқа да мұсылман араб немесе парсы тілдеріндегі деректер көрсетілмейді. Мақалада ұсынылатын негізгі тұжырымдардың бірі осы мемлекеттердің тарихына қатысты материалдарды барынша көптеп енгізу және білімгерлердің, оқушылардың осы мемлекеттер жайында құжаттық материалдарды игеруіне.

**Түйін сөздер:** деректер, оқыту жүйесі, білім беру бағдарламасы, орта ғасыр, түркі-мұсылман дереккөзі.

**М. Кожа[1], Т. Апендиев[2,3], Е. Сатов[1]*, 2025.**
[1]МКТУ имени Яссави, Туркестан, Казахстан;
[2]Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан;
[3]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.
E-mail: west-side_90@mail.ru

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЮРКО-МУСУЛЬМАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММАХ

**М. Кожа** – д.и.н., МКТУ имени Яссави, Туркестан, Казахстан, E-mail: mukhtar_kozha@mail.ru, ORCID: 0001-9619-7968;
**Т. Апендиев** – PhD (история), Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: timur.apendiev@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4279-3921;
**Е. Сатов** – PhD докторант, МКТУ имени Яссави, Туркестан, Казахстан, E-mail: west-side_90@mail.ru, ORCID: 0000-0002-2443-5880.

***Аннотация.*** В статье представлены сведения об истории Средневековья Казахстана, изучаемой в 6 классе, а также тюркские, арабские и персидские источники, позволяющие учащимся глубже понять исторические процессы

страны. Эти материалы формируют у школьников историческую перспективу и развивают познавательные умения. При отборе источников предъявляются требования обоснованности, связности с программным материалом и доступности для учащихся. Подобные ресурсы способствуют развитию творческих навыков и формируют представления о ключевых исторических личностях и событиях. Правильный подбор источников повышает интерес к научному исследованию и развивает критическое мышление.

В ходе экспериментальной работы определены критерии отбора исторических источников, обеспечивающие мотивацию и активизацию учебной деятельности. Помимо дидактико-методического аспекта учитываются познавательно-исторические измерения. Источники должны быть проверенными, тесно связанными с программным материалом, способствовать развитию базовых знаний и умений, адаптированы по содержанию и объёму, воспитывать воображение и эмоциональную восприимчивость, что пробуждает интерес к изучению прошлого и формированию познавательных умений.

Сегодня школьные учебники и дополнительные материалы часто сосредоточены на истории Казахского ханства. Однако отсутствуют источники на тюркском, арабском и персидском языках, освещающие историю государств потомков Чингисхана и Золотой Орды, а также огузов, караханов и кыпчаков в тюркский период. Одним из основных выводов статьи является необходимость максимально возможного внедрения таких материалов и освоения педагогами и учащимися документальных источников по этой тематике.

***Ключевые слова:*** исторические источники, система обучения, образовательная программа, средневековье, тюрко-мусульманские источники.

**Кіріспе.** Қазақ халқы әлемдік тарихи кеңістікте өзіндік орны бар, ұлттық болмысы мен құндылықтары, этнографиясы, салт-дәстүрі мен мәдениет компоненттері түгелдей сақталған халықтардың бірі болып табылады. Оған мыңжылдықтарға созылған терең тарихымыз бен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетіміз куә бола алады. Тарихы мен шежіресі сонау сақ пен ғұнның заманынан басталып, бергісі түркілер дәуірінде тағдырдың сан түрлі тәлкегі мен қиындығына мойынсұнбай Еуразия төскейінде өзіндік орны мен тарихи даму жолын салған қазақ халқы ерлік пен елдіктің туын біре ұстай білді. Қазақ халқының тарихын зерттеп, оның өткенін түгендеу және ұлттық мәдениет пен құндылықтарды зерттеу тарих ғылымы мен басқа да гуманитарлық ғылымдардың еншісінде болып ол өзінің жолымен жүріп келеді.

Ел тарихын оқыту – тек отандық тарихтан білім алумен шектелмей, ол болашақ ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берудің және жастарды патриотизм мен отаншылдыққа тәрбиелеп, сондай-ақ ең маңыздысы мемлекет пен қоғамның идеологиясын дамытуға аса зор ықпал етеді. Қазақстан жері, Еуразияның кіндігі Ұлы дала әлемдік өркениеттің ежелгі бесігі ғана емес бүгінгі жаһандану заманында шығыс пен батысты түйістіріп, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен саяси экономикалық мүдделердің жарасымды тоғысуына

алтын қазық болып, геосаяси маңызды алаңға айналып отыр (Darkhan, 2016). Оның тарихы, мәдениеті, өткені мен бүгінін салыстыра отырып, зерттеп, зерделеп келешек ұрпаққа оқыту бүгінгі күннің басты міндеті болып саналады.

Орта ғасырлық кезеңде түркі тілінде сөйлейтін халықтардың бір жүйеге топтасуында ислам рөлі өте мол. Себебі исламдық ренессанс түркі халықтарының аумағымен тікелей байланысты болды (Koenig, 2018). Religion and mental health: Research and clinical applications. Academic Press.).

Қазіргі оқу бағдарламасында қамтылғанындай, оқу жоспары бойынша Қазақстан тарихы негізгі төрт дәуір мен тәуелсіздік кезеңін оқытылуда. Соның ішінде Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы аса маңызды кезеңдердің бірі саналады. Себебі, бұл дәуір ұзақ уақытты қамтып, ол өзі ішінде бірнеше кезеңге бөлінеді және ең маңыздысы қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы мен алғаш рет ұлттық мемлекеттің құрылуы болды. Сондықтан, бұл дәуірдің тарихын оқып-үйренуге арналған материалдық база, оқу әдебиеттері мен кітаптар, ғылыми еңбектер жеткілікті деңгейде болуы қажет.

Кез-келген білім ордасында ЖОО болсын, орта мектеп болсын ең маңызды істердің бірі – оқу бағдарламалары мен кешендерінің заман талабына сай етіп дайындалуы және ондағы материалдардың жаңа әрі сапалы болуы. Қазіргі кезде Қазақстанның жоғары және орта мектептерде дайындалатын оқу-әдістемелік бағдарламаларында еліміздің орта ғасырлар тарихын оқытуға арналған материалдар кешенді түрде қамтылған. Оның ішінде әрине ЖОО-да Қазақстанның ортағасырлық тарихын оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер мен бағдарламаларда түркі-мұсылман деректерінің мазмұны кеңінен көрсетілген. Тарихымыздың орта ғасырлар кезеңін оқытуда жоғары мектептің бағдарламаларында оқыту материалдарының кеңнен берілуі ол төл тарихымызды тек ақпараттық негізде ғана танып қоймай, оның мазмұнын барынша терең ұғып, көшірмесін көзбен көріп үйренуге дағдыланады. Бұл болашақ тарихшылар мен мамандарының төл тарихымызды терең тануға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихын оқыту орта мектепте оқыту аса маңызды болып, оны мектеп оқушыларына оқыту мен үйрету қай кезде де мектеп бағдарламасында бірінші кезекте тұрды. Соның ішінде, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын оқыту аса үлкен танымдық мәнге ие. Жоғарыда аталғандай орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының хронологиялық шеңбері аса үлкен уақыт кеңістігін қамтып, оларды кезең-кезеңімен оқыту барынша кең көлемді танымдық материалдар кешенін талап етеді. Ол үшін бағдарлама бойынша мектептегі сабақта алынған білімге қосымша ретінде деректермен жұмыс істеудің қажеттілігі артатыны сөзсіз. Көрініп тұрғандай, бұл жағдай мектепте орта ғасырлар тарихын оқытуда қосыма деректік материалдардың қажет екенін көрсетіп отыр. Бірақ, деректік материалдардың қалай және қандай жолмен енгізілуі туралы бірқатар сұрақтар туындайтыны заңдылық.

**Мәліметтер және зерттеу тәсілдері.** Тәуелсіздік жылдарында 7-8 сыныптарда оқылатын орта ғасырдағы Қазақстан тарихы тұңғыш рет 1995 жылы баспадан шықты, авторлар ұжымы жазған, жетекшісі Б. Көмеков. Бұл

оқулықтың төмендегідей сәтті жақтары болып, онда негізінен: оқулық өзінің бағдарламасына сай жазылған, әрбір тақырып пен тарауша көбіне саяси тарихтан басталып, әрі қарай қоғамдық құрылыс, шаруашылық, әлеуметтік жағдай, мәдениет тарихы болып қалыптасады. Археологиялық қазбалар арқылы табылған соңғы жаңалықтар, саяхатшылар еңбектерінің үзінділері орынды пайдаланылған; карталар мен суреттер сәтті іріктелген. Бұған дейін Қазақстан тарихының ұзақ та, маңызды кезеңі – орта ғасырлар тарихының мектепте мүлде үстірт оқытылғанын ескерсек, пікір айтылып отырған оқулық сол олқылықты жоюға лайықты үлес қосты. 1997 жылы бұл кітаптың өңделіп, толықтырылған екінші (Baypakov, 1997) басылымы шықты. Мұнда жаңа материалдар қамтылып, текст мазмұнында тарихи танымы мол болатын фактілер берілген.

Қазіргі кезде Қазақстанның орта ғасырлар тарихы орта мектептің 6-сыныбында оқытылып, ол осы аталған дәуірдегі еліміздің тарихын оқытуға бағытталған материалдар кешенін қамтиды. Сонымен қоса, оған деректік мәліметтер де қосымша беріліп, ол оқушылардың көзқарасын дамытып, тақырып бойынша материалды терең игеруге бағытталған (Zholdasbaev, 2012). Ендігі кезекте, бұл материалдар қаншалықты мәліметті қамтиды? Олар қандай материалдар? Олар оқушының білім деңгейін қандай деңгейге дейін көтеруі мүмкін? және осы сарындағы басқа да сұрақтардың туындайды. Осы тұста қазіргі кезде орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы оқытылатын оқу материалдарында түркі, араб және парсы деректерін қосу мен оларды оқу бағдарламасына енгізу өте орынды саналып, оның ішінде тарихымызға қатысты болған ең маңызды тұстарын енгізген дұрыс. Мұның барлығы қазақстанның орта ғасырлар тарихын оқыту бойынша оқу бағдарламаларындағы материалдық-танымдық көрінісінің қандай деңгейде екенін талдаумен сипатталады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білім жүйесі. Орта мектеп – білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. Сонымен бірге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады (Qasymova, 2019).

Орта мектептерде оқулықпен қатар, оқу құралы ретінде, тарихи дереккөздердің тақырыптық жинақтарын, сондай-ақ орта ғасырлардағы қазақ жерімен іргелес жатқан халықтардың, елдердің, өркениеттердің тарихын, мәдениетін жан-

жақты енгізу заман талабы болып отыр. Мектептегі оқу бағдарламаларындағы материалдық-танымдық құндылығы мектеп оқушыларының отандық тарихты оқуға деген ынтасын одан сайын арттырады. Мұндай жағдайда мынадай міндет туындап, ол 6 сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетінің объектілері ретінде тарихи дереккөздердің фрагменттерін педагогикалық мақсатқа сай іріктеу оқушылардың белсенді өзіндік танымдық іс-әрекеті үшін жағдай жасайтын, оларды оқыту сабақ түрлері мен оқу-шығармашылық тапсырмалар жиынтығын әзірлеу және қолдана алатын болуы тиіс.

Эксперименттік жұмыс процесінде тарихты оқытуда іс-әрекеттің уәждемесі мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін тарихи деректерді іріктеу өлшемдері анықталған. Тарихи дереккөздерді іріктеудің дидактикалық-әдістемелік өлшемдерімен қатар, танымдық-тарихи өлшемдер де анықталған. Дидактикалық және әдістемелік критерийлерді қанағаттандыру үшін – дәлелденген тарихи дереккөздер болуы керек, ол тарихи факт туралы бағдарламалық материалмен тығыз байланысты, және негізгі білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мектеп оқушыларына бейімделген мазмұн мен көлем бойынша қол жетімді болу қажет, ол оқушыны тарихи өткенді зерттеуде танымдық қызығушылықты оятуға мүмкіндік беретін қиял мен эмоционалды болуға тәрбиелейді және танымдық дағдыларды қалыптастыру талаптарын қанағаттандырады.

Әр уақытта жасалатын мұндай оқу-методикалық бағдарламаларында орын алған тарихи деректер оқушының немесе білімгердің танымдық және тарихи өлшемдер жасайтын қабілетін арттыруға көмектеседі, ол үшін деректер мен мәліметтер сан қырлы тарихи оқиғалардың, құбылыстардың әртүрлі аспектілерін жан-жақты қамтып, сонымен бірге саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмір тақырыптарымен байланысты болуы қажет. Жаңа енгізілетін түркі-мұсылман деректері оқушылардың тарихтағы оқиғаларға қатысты эмоционалды-құндылық қатынастарын тудыратын әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарын, мінез-құлық көріністерін, олардың тарихи тұлғалар туралы түсініктерін, тарихи құбылысты, оқиғаны, адамды, дәуірді жан-жақты зерттеуге көмектеседі (Istoriya pedagogiki, 1998).

Оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейі олардың ойлау қабілеттерінің әртүрлі болуымен және тапсырма орындау, өзіндік жұмыс, шығармашылық іздеу қабілеттері осындай тарихи дерек іздеу барысында туады. Сабақтың тапсырмасы негізінде тұжырымдалған сараланған сұрақтар мен тапсырмалар оқушының оқу-танымдық қабілеттерінің жоғары деңгейіне біртіндеп алға жылжуды ынталандырады. Яғни тарихи ғылыми-зерттеу жұмыстары мектепте тарихи деректерді зерделеуде оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудың жолдарын қарастырады. Болашақта негізгі және жоғары мамандандырылған мектептер үшін жекелеген тарих курстарында тарихи деректерді зерттеудің методикалық тәсілдерін дамыту туралы айтуға болады. Түркі-мұсылман деректерінің материалдық негіздерін басшылыққа отырып, объектаралық байланыстар негізінде мұғалімдер мен оқушыларға арналған оқу құралдарын және оқушылар үшін жеке түрінде өзіндік жұмыс орындауға арналған мемлекеттік стандарттарға негізделген бағдарламалар да қажет.

Тәуелсіз мемлекет ретінде танылғаннан кейін Қазақстан Республикасында тарихи білімді жаңғырту жұмыстары басталып, ол қазіргі кезге дейін жалғасып келеді. Тарихи білім қай кезде де тарих ғылымымен байланысты болғандықтан, мемлекет тарапынан тарих ғылымына баса назар аударылып, соның ішінде әсіресе оның басты саласы болған деректануға үлкен мән берілді. Жоғарыда атап өткендей, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бұл салада ерекше ықпал етті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарихи және рухани білім салаларының дамуы үшін тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен қайта жаңғырту, сондай-ақ оларды пайдалану тиімділігін арттыру жолында қабылданған мұндай мемлекеттік жобалардың ел тарихын оқыту мен оны жаңартуда тиімділігі өте жоғары болды.

Мемлекетте қабылданған мұндай бағдарламалар аясында жинақталған деректердің зерттеу нәтижелерін талдап, зерделеп ғылыми айналымға енгізу жолдары казіргі Отандық тарих ғылымында жанадан дамып келе жатқан сала болып, ол мемлекет тарихын, оның ішінде ел тарихына қатысты жаңа деректерді оқытуға немесе жаңа оқу бағдарламаларына енгізуге зор мүмкіндік береді. Осы орайда, мұндай жұмыстар тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғыртып, оны дамытып еліміздің тарихын жаңашыл бағытта, жаңа формада оқытуға септігін тигізетінін атап өткен жөн (Bekmahanov oqulari, 2011). «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аркасында жарық көрген «Қазақстан тарихы түркі деректерінде» (Qazaqstan taryhi turali turki derektemelery. 1 tom, 2015), «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» (Abuseitova, 2006), «Қазақстан тарихы араб деректерінде» (Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh. Tom III, 2006), сияқты көптомдық деректер жинақтары негізінде жоғары және орта мектепте оқу бағдарламаларын дайындауға теңдессіз деректік материалдар болып саналады. Аталған деректік жинақтарда студенттер мен оқушылардың тарихи мұраларға деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал ететін материалдарды кезең-кезеңдерге бөліп, топтастырылған. Осындай құнды мұралардың халқымыздың сан ғасырлық тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау, талдау, тұжырымдаманың мақсат міндеттеріне көңіл бөлу (Bekmahanov oqulari, 2011, 167-169 bb.).

Зерттеу жұмысында қабылданған жоспар мен тақырыптың зерттеу аясына сәйкес Қазақстандағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары әр пәнді оқытудың жоғары деңгейін талап етеді, оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіреді, студенттерді әртүрлі білім көздерімен жұмыс жасауға белсенді қатысады, өз бетінше ойлауды дамытады, шығармашылықпен айналысады. Осы міндеттерді іске асыруда әлеуметтік-гуманитарлық цикл субъектілері, оның ішінде тарих маңызды рөл атқарады. Тарих ғылымы, дидактикалық материалдар мен тарихты оқыту әдістері мәліметтері күшті және терең білім алудың, студенттердің ойлау қабілетін дамытудың қажетті жағдайларының бірі – бұл жаңа әдістер мен өзіндік шешімдер арқылы студенттердің білім жүйесіне жаңа зерттелген фактілер мен тұжырымдамаларды енгізу болып табылады.

Ұлттық білім жүйесі жалпы адамгершілік құндылықтармен қайшылыққа

келгенде, ол жеке адамды біртіндеп аздырып ұлтшылдық жолға итермелейді. Мұндағы басты ой – орта ғасырлардағы атақты түркі ойшылдары мен олардың шығармаларын әуелде тарихи дерек ретінде таныса, екінші бір жағынан тәрбиелік мәні бар материал ретінде таниды (Zholdasbaev, 2012, 118-119 bb.).

Осының негізінде мектептерде тарих пәнін оқытудың бағдарламаларын жаңарту мен онда ұлт тарихына қатысты қосымша материалдарды енгізу қажет болып саналады. Ұлттық тарих – әр халықтың өзіндік ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс тіршілігі мен түсінігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші басты білім арнасы болып табылады. Тарихсыз кез-келген халық өткенін ұмытады, өткенін ұмытқан халықтың болашағы бұлыңғыр болады. Осы ретте ортағасырлық болсын Жаңа заман болсын, қай кезеңдегі болмасын қазақ тарихына қатысты деректердің оқу бағдарламасында көптеп енгізілуі немесе қосымша материал ретінде енгізілуі білім саласындағы басым бағыттың бірі саналады. Мұны оқып-үйренген оқушы тарихты ешқашан ұмытуы мүмкін емес. Отан тарихы кез-келген оқушының санасына құйылған білім ағыны болып ол мәңгілікке саналады. Осыдан жан-жақты тұлға қалыптасып, ал жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі. Нақ осы тарихи сана этностық та, жалпы мемлекеттік те сананың негізі болып табылады. Сайып келгенде, тарихы бар халықтың ертеңі нұрлы болмақ. Тарих сабақтарда қолданатын жаңа технология және деректік элементтерді бірнеше топтарға бөліп, жүйелеуге болады. Оның ішінде:

1. Өтілетін дәріс сабақтары,
2. Дәрістің жоспары
3. Дәрістің мазмұны
4. Дәрістің қосымша материалдары.

Осы тармақтар бойынша қосымша материалдардың құрамында деректер берілуі тиіс.

Әдістерден басқа салыстырмалы-тарихи талдау гносеологиялық тұрғыдан да анықталады. Гносеология – білімнің көлемі мен мүмкіндігін қарастыратын философияның бір саласы (Matthew, 2013).

Тарихта деректерді жүйелеуде екі кезеңде жүргізілген көлденең зерттеуге назар аударған жөн. Мәселен, бірінші кезеңде аударылған элементтердің сенімділігіне назар аударылды, ал екінші кезеңде өлшемнің конвергентті және критериалды негізділігі бағаланды (Freeman, 2011)

Оқу процесінде көрсетілгендей, оқытушы білім алушыларды үнемі қосымша тарихи деректермен және жана ақпараттармен, хабардар етіп, оқу-тәрбие ісіндегі әдіс тәсілдерді жетік пайдалана білуі тиіс. Сондықтан, тарих пәндері арқылы білім алушы жастардың дүниетанымын тереңдетіп, олардың тарихи көзқарасын кеңейту және қосымша материалдармен жұмыс істеу талабы қойылады. Білім алушыларды оқыту мен және осы аталған жауапты методикалық міндеттерін сәтті шешу үшін оқытушыларға қосымша көлемді оқу материалы хрестоматия қажет болады. Оқу хрестоматиясы ілгері кезде ЖОО-ның бағдарламаларында көптеп берілетін болған. Мысалы, жүргізілген ғылыми-педагогикалық зерттеу

жұмыстары мұғалімдердің квалификациясын арттыру мақсатындағы арнайы студенттер үшін лекциялық және тәжірибелік сабақтарда қолданыла береді, педагогикалық ЖОО-на арнайы өңделіп жасалатын методологиялық баспаларда және дидактикалық материалдардың жасалу барысында, мектеп оқушылары үшін тарих пәнінен хрестоматиялық оқу пәні негізінде де қолданыла береді.

**Нәтижелер және талқылаулар.** Қазіргі кезде болашақ тарихшы мамандарды дайындау жолында ЖОО-да ОӘК мен Силлабус бағдарламаларында берілгендей, жаңа әдістер мен оқыту технологиясы жүйелі түрде дамып келеді. Сонымен қоса, оқу құралдары, оқу кітаптары мен монографиялардан бөлек деректік жинақтар, деректік материалдар қолданылуда. Бұрынғы кезде ЖОО білімгерлері тек қана хрестоматиямен ғана шектелетін болған. Ол әрине теориялық білімнің аз болуын көрсетеді. Бірақ, Қазақстан тарихын арнайы оқыту бойынша хрестоматиялық материалдар жинақтары мүлде болған жоқ. Қазақстан тарихынан ЖОО-на арналған хрестоматиялар тәуелсіздік жылдарынан кейін пайда болды. Ең бастысы, қазіргі кезде мұндай деректік жинақтардың ЖОО мен орта мектеп бағдарламаларына енуі ізденушілер мен студенттердің ізденуі жолында үлкен көмегін тигізеді. Және теориялық білімі барынша (Altayev, 2008) тереңдетеді.

Қазіргі уақытта орта мектепке арналған хрестоматиялардың да материалдық құндылықтары артып, соның ішінде орта ғасырлардағы Қазақстан тарихынан хрестоматия кітабы бар. Оның авторы профессор С. Жолдасбаев тарихи деректерді хронологиялық реті бойынша беріп өткен (Orta gasirlardagı Qazaqstan tarihy, 1997). Бұдан да өзге ірілі-ұсақты материалдар жинағының негізінде басқа да хрестоматиялық оқу құралдары жарық көрген. Дегенмен, қазіргі кезде мұндай хрестоматиялық қоу материалдар әлі де болса жеткіліксіз. Мұның басты себептері, деректік материалдардың толық енгізілмеуі, көбінесе хрестоматияда берілген тексттердің ірі деректер жинақтарынан көшіріп алынған, түсіндірме жазылмаған. Уақыт және заман талабына сай болуы үшін қазіргі кезде оқулыққа қосымша ретінде құрастырылған хрестоматиялардың деректік негізін жоғары және құнды ету керек. Үзінділерді түпнұсқадан фотокөшірмесін көрсетіп сонымен бірге аудармасын беру қажет. Мұндай деректердің түпнұсқаларын табу қиын болуы мүмкін, бірақ барынша қолда бар мәліметтердің негізінде көрсетсе хрестоматияның құндылығы арта түседі.

Тағы бір айта кетерлігі, қазіргі кезде жоғары және орта мектепке арналып отырған хрестоматиялар немесе қосымша материалдарда көбінесе Қазақ хандығы тұсындағы материалдарды көрсетуге назар аударылады. Ал, түркі кезеңіндегі, дәлірек айтқанда Оғыз, Қарахан, Қыпшақ мемлекеттері мен Алтын Орда және Шыңғыс ұрпақтары құрған мемлекеттер мен қоғамының тарихына қатысты түркі немесе басқа да мұсылман араб яки болмаса парсы тілдеріндегі деректер көрсетілмейді. Зерттеу жұмысында ұсынылатын негізгі тұжырымдардың бірі осы мемлекеттердің тарихына қатысты материалдарды барынша көптеп енгізу және білімгерлердің, оқушылардың осы мемлекеттер жайында құжаттық материалдарды игеруіне қатысты болып табылады.

Қазіргі мектеп оқушылары өмір сүріп отырған ақпараттық кеңістіктегі

тарихи оқулықтар мен басқа да қосымша материалдардың санымен шектеліп қана қалмауымыз жөн. Көрініп тұрғандай, ақпараттық қоғамның адамы үшін ғаламтор, теледидар, әр түрлі басылымдар тікелей әсер етіп қоймай, олар үшін оқулық кітап пен оқу материалдары аса маңыздылыққа ие. Сондықтан, мектеп оқушыларын барынша қызықтыратындай кітаптар мен хрестоматия және осы секілді басқа да оқу материалдарын жарыққа шығару қажет. Бұл үшін ешқандай ғаламтор парақшалары немесе басқа да бір оңай жолмен келмейтін материалдарда көрініс таппаған

Тарихи дереккөздерді зерделеу кезінде оқу бағдарламасы бойынша 6 сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамытудың методикалық тәсілдерінің кешені дайындап, оның ішінде:

а) оқу процесінде дереккөздерді пайдалану тәсілдері: мұғалімнің баяндамасына сабаққа қатысты тақырыпқа деректен үзінді қосу; оқулықтың сыныпта оқып, оны үйде талдау кезінде тарихи дереккөздің үзіндісімен жұмыс жасауы; студенттің тарихи (олардың) дерек көздерінің үзінділерін (бөліктерін) өз бетінше зерттеу; дербес іздену және оқушының тарихи дереккөзден алынған мәліметтерді баяндау, сипаттау;

б) тарихи деректерді зерттеуде оқушылардың оқу белсенділігін арттыру әдістері (проблемалық-танымдық тапсырмаларды қою, нұсқау, сөздік ізденіс, драматизация және пәнаралық байланыстарды орнату әдісі);

Тарихи ойлаудың бастапқы негіздерін қалыптастыруға, зерттелетін материалға деген қызығушылықты дамытуға, аксиологиялық өзін-өзі анықтауға және оқушының белсенділігін арттыруға ықпал ететін, деңгей бойынша сараланған, тарихи деректермен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мәселесін ұлттық тәрбиемен қабыстыруға катысты пікірлер сонау Ы. Алтынсарин. Абай Құнанбаев, А.Байтұрсынов. Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев. М. Дулатов. Т. Тәжібаев сынды басқа да ғалымдардың еңбектеріне арқау болған. Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуді ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы мәдени мұрасын. әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғалымдарының зор жетістіктерін пайдаланып. асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда. Жоғары оқу орындарының оку-тәрбие үдерісін жетілдіру, болашақ мамандарға тәлім-тәрбие беру мәселелерін зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар Қ.М. Арынғазин, Қ.Ж. Аганина, Ш.Ә. Әбдіраман, Б. Әбдікәрімұлы. С.Ә. Әбдіманапов, Ғ.З. Әділғазинов. Е.З. Батталханов. А.А.Бейсенбаева, В.В. Егоров, С.Т. Егоров, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Н.Ә. Мыңжанов. Л.А. Шкутина, Н.Д. Хмель, т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Педагогика ғылымы мен теориясына ұлттық тәлім-тәрбие беру үдерістеріне катысты әр түрлі мәселелерін К. Жарықбаев. С.К. Қалиев, С.Ұзақбаева, К. Қожахметова, А. Ильясова, Р. Дүйсембинова, Т. Тәжібаев. Қ.Бержанов, С. Мусин, Г.М. Храпченков, М.Н. Сарыбеков, Э.А. Урунбасарова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қамтылған (Tasylova, 2013).

Орта ғасырлар тарихы оқулықтары, бір жағынан, әртүрлі дереккөздерде ұсынылған ежелгі және орта ғасырлардағы түркі мемлекеттері мен қоғамдары туралы құнды мәліметтерге бай. Дегенмен кейбір оқулықтардағы ішінара материалдық ескерткіштер мен мәтіндер тілінің объективті күрделілігіне байланысты соңғы басылымдағылардың көбісі тек көрнекілік тұрғыда қолданылуда. Осылайша, олардың оқушыларға берер танымдық және даму әлеуеті толық іске асырылмай қалады. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік бағдарламалардағы жоғарыда айтылғандардың барлығы зерттеу тақырыбының өзектілігінің маңызды бөлігі болып табылады. Мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамыту құралы ретінде пайдалана білуі, теориялық және тәжірибелік тұрғыда іске асыруы, оны жоғары деңгейге көтеру, сонымен бірге тұлғаның эмоционалды, құндылық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға өз ықпалын тигізетін болғандықтан жаңартылған оқу материалдарын, оның ішінде деректерді енгізу қажет.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғалы дамыған елу елдің қатарынан көрінуді мақсат етіп, жаһандық кеңістікке бет бұруда болашақ ұлттың ұрпағына сапалы білім беру мен жан-жақты, сапалы тәрбиелеудің әлеуетін аша түсуге, жетілдіруге ғылыми-педагогикалық тұрғыдан күрделі міндеттер жүктейді. Осы орайда мемлекеттік бағдарлама туралы сөз қозғасақ, Қазақстан Республикасының Білім беруді 2015 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында жан-жақты зерделенген Бағдарлама аясында осындай қыруар жұмыстар атқарылып жатыр, ендігі жердегі біздің міндетіміз. алдымызға қояр мақсатымыз, жүйеленген зерттеулерді, алынған нәтижелерді, қоғамға, болашақ ұрпаққа қажеттіліктерін айқындап, дәлелдеу негізінде оқу үдерісіне енгізудің әдіс-тәсілдерін ұсынуымыз керек (Kazhbieva, 2013).

Заманауи қоғамға түрлі жағдаяттарда өз бетінше шешім қабылдайтын, адамгершілік таңдау жасайтын, салдары мен нәтижесін болжай білетін заманауи оқыған, іскер, адамгершіл адамдар қажет. Бұған жетудің жолы – жаңаша ізденістер мен бағыттар. Ол үшін білім алушылардың іс-әрекеттерін дұрыс, тиімді, ұтымды ұйымдастыра білудің мәні үлкен. Ең алдымен, мектепте жан-жақты және үйлесімді тұлға дамыту мәселесімен айналысатын ортада дәстүрлі қалыптасқан құралдарды қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан қазіргі күннің көкейкесті мәселелерін көре білу, мүмкіндіктерін, жолдарын таба алу аса маңызды. Осы орайда, оқыту ісі өте жоғары саналады. Сол себепті, сабақтағы оқудан тыс жұмыстардың бағдарламасы оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталуы тиіс: Мұнда тәрбиелік технологиялар мен әдістемелер жиынтығы негізінде баланың жан-жақты тарихты тануына жағдай туғызу алдыңғы қатарға шығады. Баланың тарихты тануы олардың танымдық түрткі мен танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, қажетті ақпарат алу білігін дамытуға ықпал етеді.

Бұл үшін тек қана мектеп оқулықтарына ғана сүйеніп қоймастан, әрбір оқытушы

немесе мұғалім тарихты оқытқан кезде деректермен жұмысқа көңіл аударып, ол үшін тиімді уақыт пен мүмкіндік таба білуі қажет. Сонымен бірге оқушылардың деректермен және деректердің авторларымен танысуы оқушылардың білімі мен танымдық қабілетін арттырады. Қосымша материалдармен жұмыс істеу үшін тағы да бір мүмкін бар, ол – білім мекемелеріндегі оқудан тыс жұмыстардың болуы. Негізінен, білім беру мекемелеріндегі оқудан тыс жұмыстардың мақсаты – оқушылардың мектепте және мектептен тыс жерлерде жайлы, жағымды қарым-қатынас құруға жағдай туғызу, нақты өмірлік жағдаяттарда бастамашылдық, дербестік, жауапкершілік, шынайылық, ашықтық таныта білуге, барлық жас кезеңдерінде сыныптан тыс іс-әрекеттерге қызығушылық тудыру болып табылады (Kurebaeva, 2019, 78 b.). Дегенмен осындай жағдайда оқытушы өзінің оқушыларына дәріс сабақтарын толық игерген, яғни түсінген немесе мүлде түсінбеген оқушылармен белсенді жұмыс істеу мүмкіндігі туады.

Ол үшін біздің, болашақ тарихшы, педагог маман ретіндегі міндетіміз осы сияқты жарық көрген еңбектерді, ортағасырлық Қазақстан тарихының ортағасырлық деректеріне қатысты болған ғылыми зерттеулерді, көптомдық кітаптарды жүйелей отырып, оқу бағдарламаларына, Қазақстан тарихы оқулықтарына, мектеп қабырғасында болсын жоғары оқу орындарында болсын оқу бағдарламаларына енгізу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына, Типтік оқу бағдарламаларына. оқу жұмыс жоспарларына енгізудің жолдарын көрсету болып табылады. Ол үшін қай тұрғыдан, қандай жолдары мен тәсілдермен енгізу керектігін анықтап алған дұрыс. Мысалы, сабақ барысында тарихи салыстырмалы әдістерді қолдану арқылы бағдарлама шыққанға дейінгі қолданып жүрген көптеген зерттеушілердің еңбектерімен, дерек көздері мен салыстырып. тарихи салыстырмалы түрде қарастырса, көптеген мәліметтер алуға мүмкіндіктер туады және қай деректер қаншалықты шынайы, қай деректерде бұрмалаулар көптеп кездеседі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген жарияланымдар қалай деп сөйлейді, кеңестік идеология тұсында қалай жазылды тарихымыз міне осындай көптеген айырмашылықтарды студенттер, оқып біліп, өзіндік тұжырымдар жасап, ғылымға азда болса өз үлестерін қосары сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарына дейінгі отан тарихымен байланысты болған деректерді және жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалардың аясында жинақталған деректердің нәтижелерін студенттерге тереңірек меңгеру мақсатында ЖОО-да элективтік курс бағдарламасы жасалып, казіргі таңда студенттердің қызығушылықтарымен таңдалып, оқытылып жатыр. Отанға, туған елге. жерге деген сүйіспеншілікті сезімді оятады, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге, мәдениет пен тарихқа тарихи сана калыптастыру арқылы, өзіндік көзқараспен тұжырым жасауға дағдыланады.

